

«Бекітемін»

мектеп директоры

Р.Жунисова

Әлеуметтік педагогтің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Мектептің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының мақсаты:

Мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыру.

Міндеттері:

- Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеу және болжау, сол арқылы әлеуметтік шаралардың орындалуын қамтамасыз етіп, бала үшін білім алуға қолайлы орта құру;
- «Бала-отбасы-мектеп» моделіндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс негізінде әлеуметтік жетімдіктің алдын алу;
- Оқушылардың құқықтық, әлеуметтік білімі мен жауапкершілігін қалыптастыру, баланың жан-жақты дамуын әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.

Жылдық жоспар Білім туралы ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, ҚР баланың құқықтары туралы ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы, Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы, Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 № 68 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) және т.б. нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделген.

№ р/с	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу				
1.	Әлеуметтік педагогтің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын (қағаз немесе электрондық форматта word (ворд) немесе pdf (пдф) әзірлеу және оқу жылы ішінде жүзеге асыру	30.08.2023ж.	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Жоспар
2.	Мектептегі білім алушылар туралы мәліметті "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінде (электронды форматта) жүргізу	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	ҰББДҚ
3.	Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық	Жыл бойы	Әлеуметтік	Жоспар

	қызметтің жұмыс жоспарын құру және жүзеге асыру		педагог	
4.	Әлеуметтік мәртебесіне байланысты оқушылармен жұмыс жоспарын құру, жұмыс бумасын жүргізу	01.09.2023ж.	Әлеуметтік педагог	Жоспар
5.	Мектептің әлеуметтік паспортын "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінде (электронды форматта) жаңарту және құру	29.08-06.09.2023ж.	Әлеуметтік педагог	Паспорт
6.	Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинау	29.08-09.09.2023ж.	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет
7.	Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды (жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, жартылай жетім, көпбалалы, аз қамтылған, АӘК алатын, сәтсіз отбасынан шыққан, қиын жағдайдағы оқушылар) оқулықпен қамтамасыз ету	15.08-15.09.2023ж.	Әлеуметтік педагог Кітапханашы	Мәлімет
8.	Мектеп асханасынан ЖББҚ, арендатор есебінен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды анықтау және тізімін жасау	29.08.-10.09.2023ж.	МДОІЖО Әлеуметтік педагог	Тізім
9.	Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасын және картотекасын жасау	10.09.-20.09.2023ж.	Әлеуметтік педагог	Тізім
10.	Жетім және ата-ананың қамқорынсыз қалған балаларды анықтау, тізімін бекіту және журналға тіркеу	29.08-06.09.2023ж.	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Тізім
11.	Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан • Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар; • Үйде оқытылатын және мүгедек оқушылар; • Сәтсіз отбасынан шыққан оқушылар; • Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар; • Толық емес отбасынан шыққан оқушылар; • Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар; • Өгей әкемен ұл бала, қыз балалар; • Өгей анамен ұл бала, қыз балаларды анықтау,	29.08-06.09.2023ж.	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Тізім

	қажет болған жағдайда журналға тіркеу, тізімін мектеп директоры және кент әкімімен бекіту.			
12.	Білім бөлімінің бас мамандарына тізімдерді тапсыру	06.09.-15.09.2023ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
13.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жеке іс-қағаздарын реттеу, оқушылардың жеке қызығушылығын бақылау, есепке алу журналы жүргізу	27.08.2023-30.07.2024ж.	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет
14.	«29 қазан – Қамқоршылар күні» апталығын ұйымдастыру, жұмыс жоспарын құру және жүзеге асыру	26.10.-31.10.2023ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
15.	Сынып жетекшілермен бірлесе әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға «Қайырымдылық» акцияларын, «Мектепке жол» республикалық акциясын ұйымдастыру, бірлескен іс-шаралар жүргізу	01.09.2023-25.05.2024ж.	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет
16.	«Адамдарға қуаныш сыйла» қайырымдылық айлығын ұйымдастыру	24.03.-24.04.2024ж.	Әлеуметтік педагог ДТІЖО	Жинақ бумасы
17.	«QAIYRYMDY MEKTEP» журналын шығару	I жарты жылдық бойынша 20.12.-30.12.2023ж. II жарты жылдық бойынша 03.05.-15.05.2024ж.	Әлеуметтік педагог	Журналы
18.	Мектепте атқарылған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс туралы мектеп сайтында, әлеуметтік желілерде, қажет болған жағдайда БАҚ мақала, пост жариялау	01.09.2023-25.05.2024ж.	Әлеуметтік педагог	Жарияланым
II. Балалық құқығын қорғау жұмысы				
19.	«Бала қорғау бұрышын» ұйымдастыру, бала құқығын қорғау бойынша стендтер орналастыру	03.10-14.10.2023ж.	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Мәлімет
20.	Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасының жоспарын құру және жүзеге асыру	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Мәлімет

21.	Буллингке ұшыраған білім алушыларды анықтау және қолдау көрсету, оның салдарын жою	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
22.	Мектептің психологиялық қызметі негізінде білім алушыларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
23.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды бақылау журналын жүргізу, сынып жетекші, мектеп әкімшілігі және психолог бақылауында ұстау	01.09.2023-25.05.2024ж.	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Бақылау күнделігі, мінездеме, кеңес беру журналы
24.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың әлеуметтік тұрмыс үй жағдайымен танысу, үй-тұрмыс актісін жүргізу	02.12.-30.12.2023ж. 01.06.-20.06.2024ж.	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет АКТ
25.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың үй-мүлкінің сақталуын қадағалау	01.09.2023-25.05.2024ж.	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Мәлімет
26.	«Мектепке жол» Республикалық акциясы аясында баланың әлеуметтік-материалдық және отбасылық жағдайларына байланысты мектеппен қамтамасыз етілмеуінің алдын-алу бойынша рейдтік шаралар және әлеуметтік-педагогикалық қолдау жұмыстарын ұйымдастыру	01.08.2023-30.09.2023ж.	Әлеуметтік педагог Ата-аналар комитеті Сынып жетекші	Мәлімет
III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс				
27.	АПБ ЮПТ есебін, сәтсіз, мектепішілік есепте, қауіпті топтағы оқушыларды анықтап және әлеуметтік жұмыстармен тұрғын үй тұрмыс актісін жасау	Әр айдың 5-не дейін	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Мәлімет
28.	Құқық бұзушылықтың, қаңғыбастық пен тіленшіліктің алдын алу, ата-ананың қамқорынсыз қалғандарды анықтау, түнгі уақытта ата-анасыз және заңды өкілдерісіз жүрген балаларды анықтау мақсатында профилактикалық рейдтік іс-шаралар	01.09.2023-25.05.2024ж.	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Мәлімет
29.	Сәтсіз, мектепішілік, ЮПТБ есебінде тұрған оқушылармен жұмыс жүргізу	01.09.2023-25.05.2024ж	МДТІЖО Әлеуметтік	Мәлімет

			педагог	
IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы				
30.	Мектептің психологиялық қызметіне жүгінген педагог қызметкерлерге әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету	01.09.2023-25.05.2024ж	Әлеуметтік педагог Психолог	Мәлімет
31.	Әлеуметтік-медициналық санатындағы оқушыларды анықтау, тізімін бекіту	Әр айдың 25 күні		
32.	Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, отбасынан шыққан оқушыларды қала сыртындағы және мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерлеріне қамтылуын қадағалау	Маусым Шілде Тамыз	МДТІЖО Әлеуметтік педагог	Мәлімет
33.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың денсаулығын профилактикалық-медициналық бақылаудан өткізу	02.12.-30.12.2023ж. 01.06.-20.06.2024ж.	Әлеуметтік педагог Медбике	Мәлімет
34.	Аудандық білім бөлімінің қамқоршылық бөліміне жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың жартыжылдық есебін өткізу	02.12.-30.12.2023ж. 01.06.-20.06.2024ж.	Әлеуметтік педагог	Іс-құжат көшірмелері
35.	Жалпыға бірдей білім беру қорынан берілетін түрлі әлеуметтік көмекті оқушыларға бөлу, тарату жұмыстарын ұйымдастыру, есебін аудандық білім бөліміне өткізу	27.12.2023ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс				
36.	Ата-аналар жиналыстарына қатысу	01.09.2023-25.05.2024ж	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
37.	Білім алушылар мен ата-аналарға буллингтің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру және жаднама тарату	25.10.2023ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
38.	Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау	01.09.2023-25.05.2024ж	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
39.	Жаңа жылдық шыршаға әлеуметтік қамқорлықтағы	20-30.12.2023ж.	Әлеуметтік	Мәлімет

	оқушыларды қатыстыру, сыйлықпен қамтамасыз ету		педагог	
40.	Мектептің психологиялық қызметіне жүгінген білім алушылар мен ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру және қолдау шараларын ұйымдастыру	01.09.2023-25.05.2024ж	Әлеуметтік педагог Психолог	Мәлімет
41.	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, отбасында қиын жағдай орнаған оқушылардың ата-аналарына, оқушыға және қиын оқушылармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар жүргізу	01.09.2023-25.05.2024ж	Әлеуметтік педагог Психолог	Мәлімет
42.	Үйде оқытылатын оқушылардың ата-аналарымен кездесу және әлеуметтік педагогикалық жұмыстар атқару	01.09.2023-25.05.2024ж	Әлеуметтік педагог Психолог	Мәлімет
43.	«Мектеп-отбасы-бала» мониторингін құру	27.12.2023ж. 15.05.2024ж.	Әлеуметтік педагог Психолог	Мониторинг
VI. Диагностикалау-талдау қызметі				
44.	«Буллингке жоқ дей аласың ба?» сауалнамасы	06-10.12.2023ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
45.	Оқушылардың әлеуметтік картасын толтыру үшін сынып жетекшілерінің материал жинауына көмек көрсету	Тамыз Қаңтар	МДТЖО Әлеуметтік педагог	Мәлімет
46.	«Буллинг дегеніміз?» семинар-тренингі	15.02.2024ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
47.	«Сыныптағы қарым-қатынас» әлеуметтік семинар	12.04 2024ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
48.	«Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы	25.05.2024ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
49.	«Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану» сауалнамасын жүргізу	10.09.2023ж. 25.01.2024ж.	Әлеуметтік педагог	Мәлімет
50.	Жалпыға бірдей білім қоры және арендатор есебінен ыстық тамақпен қамтылған оқушыларға «Дұрыс тамақтану қағидалары» тақырыбында мектеп оқушыларын түсіндірме жұмыстарын жүргізу	10.09.2023ж. 25.01.2024ж.	Әлеуметтік педагог Медбике	Мәлімет

Әлеуметтік педагог



А.Нуртаева